

ТІРКЕСТЕРІ  
ЕСІМДІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ  
ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІ:  
ФИЛОЛОГИЯ  
ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ  
КОНДИДАТЫ, ДОЦЕНТ  
ЕҢСЕБАЕВА К.К. ОРЫНДАҒАН:  
ҚОЖАНАЗЫРОВ И. РАХАТ Ж

# Сөз тіркесі

Сөз тіркесі ( орыс. словосочетание ) деп толық мағыналы екі я бірнеше сөздің бір-біріне тұлғалық әрі мағыналық жағынан бағына байланысуын атаймыз.

- ▣ Мысалы: *Қайрат балаларға Досанмен болған әңгіменің мән-жайын баяндады* деген сөйлемдегі сөздер мына сияқты тіркестерден құралған: *Қайрат баяндады;*
- ▣ *балаларға баяндады;*
- ▣ *Досанмен болған;*
- ▣ *болған әңгіменің;*
- ▣ *әңгіменің мән-жайын;*
- ▣ *мән-жайын баяндады.*

- Етістікті сөз тіркестері— грамматикалық тірегі етістік болатын сөз тіркесі. Тіркес құрамындағы басқа сөздер тірек етістіктің маңына топталады. Етістікті сөз тіркестері:

қабыса байланысқан етістікті сөз  
тіркестері (Қожа көш келіп, ерте кетуші  
еді (С. Көбеев); ә) меңгеріле  
байланысқан Е. с. т. (Байжан іске кірісті  
(Г. Мүсірепов) болып екі салаға  
бөлінеді.

- Бұлардың әрқайсысы өз ішінен бірнеше топқа таралады. Қабыса байланысқан Етістікті сөз тіркестері: үстеулі сөз тіркестері, еліктеуіш сөз тіркестері, көсемшелі сөз тіркестері, сын есімді сөз тіркестері. сан есімді сөз тіркестері, зат есімді сөз тіркестері сияқты 6 топтан тұрады. меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері:

- ◎ табыс жалғаулы сөз тіркестері, барыс жалғаулы сөз тіркестері, шығыс жалғаулы сөз тіркестері, жатыс жалғаулы сөз тіркестері, көмектес жалғаулы сөз тіркестері, шылау сөзді тіркестер сияқты 6 топтан тұрады

- **Есімді сөз тіркестері**— сөз тіркесінің басыңқы сыңары есім сөз болып келетін түрі. Мұндай сөз тіркесінің ұйытқы сөздері (*басыңқылары*), негізінен, зат есім және сын есім, сан есім сияқты есім сөздер болады да, бағыныңқы сыңарлардың қызметін есім сөздердің бірі немесе етістіктің есімше түрі атқарады: “*қалың тоғай*”, “*жақсының сөзі*”, “*екінің бірі*”, “*оқылған кітап*”.



- Қабыса байланысқан есімді сөз тіркестері, зат есім мен зат есімнің тіркестері түрінде (“алтын сақина”, “темір пеш”, “бір үйір жылқы”, “бір үзім нан”, “қалта сағат”), сын есім мен зат есімнің тіркесі түрінде (“жақсы дос”, “сұлу әйел”, “ақ қағаз”, “аласа бойлы азамат”, “ат жақты жігіт”), сан есім мен зат есімнің тіркесі түрінде (“оныншы сынып”, “отыз студент”, “он шақты қой”, “бес-алты дәптер”)

- Матаса байланысқан есімді сөз тіркестері байланысудың табиғатына сай ілік септігіндегі сөз бен тәуелдік жалғаулы сөздің тіркесі болып шығады ("қораның шатыры", "құстың сұлуы", "отыздың екеуі", "менің әкем").

- ◎ Меңгеріле байланысқанда басыңқы мен бағыныңқы сыңарлардың септік (*іліктен басқа*) жалғаулары арқылы тіркеске түсетіні белгілі (“жанға бай”, “жақсылыққа үйір”, “сенімен тұстас”, “сайлауға әзірлік”). Осының барлығынан да сын, сапа, меншіктілік сияқты синтаксистік мағыналар туындап отырады.

• Назарларыңызға  
Рахмет!

